

Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік біліктілігін қалыптастырудың әдіс-тәсілдері

Abstract. *Аңдатпа. Мақалада болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзырлығын кәсіби даярлау үдерісінде қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Шетел тілін оқытуда заманауи білім беру технологияларын пайдалану арқылы іске асыру, болашақ мұғалімдердің ғылыми-танымының қалыптасуына, олардың ойлау мүмкіндіктерінің дамуына, мамандыққа даярлығын жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. Осы орайда дебат технологиясын қолдану аясы өте кең.*

Түйін сөздер: *коммуникативтік біліктілік, дебат, болашақ мұғалімдердің кәсіби біліктілігі, заманауи білім беру технологиялары, дебат технологиясы.*

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-132-3-112-117>

Түсті: 19.02.19 / Жарияланымға рұқсат етілді: 2.04.20

XXI ғасырдың басында ғылыми техникалық прогрестің және ақпарат көлемінің өсуі жоғары оқу орындарындағы алынған білім қорының белсенді кәсіби іс-әрекетінің барлық кезеңіне емес, тек қысқа уақытқа ғана оның мұқтаждығын қанағаттандыратындығын көрсетті. Болашақ мұғалімдердің кәсіби міндеттерді шешу үшін өз бетінше ізденуге және білімді игеруге даярлау қажеттігі туындады.

Жоғары оқу орнын бітірушілердің сапасына қойылатын талаптардың өсуі білім беру үдерісіне өзгерістер енгізуге әкелетін ғылыми-техникалық дамудың негізі болып табылады. Қазіргі уақытта іс-әрекетте жоғары сапаға жету, өздігімен ғылымға негізделген, ықпалды шешім қабылдау коммуникативтік біліктілікті меңгермей жүзеге асуы мүмкін емес. Коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың өзекті мәселесі білім беру мазмұнын жаңашаландыру үдерісімен, оқу үдерісін ұйымдастырудың тәсілдері мен технологияларының үйлесімділігімен, сонымен қатар, құзырлы тұлғаның негізгі құрамы ретінде коммуникативтілік болып келетін қоғамымыздың әлемдік сапалық стандартқа көшуімен тығыз байланысты [1, 30 б.].

Болашақ мұғалімдердің коммуникативтік біліктілігін кәсіби даярлау үдерісінде қалыптастыруды шетел тілін оқытуда заманауи білім беру технологияларын пайдалану арқылы іске асыру, болашақ мұғалімдердің ғылыми-танымының қалыптасуына, олардың ойлау мүмкіндіктерінің дамуына, мамандыққа даярлығын жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. Осы орайда дебат технологиясын қолдану аясы өте кең.

Дебат технологиясын жоғары оқу орындарында қолдану жолдары мынадай:

- ғылыми-зерттеу жұмыстарын, шығармашылық іс-әрекеттерде қолдануға болады;
- шешендік шеберліктің негізіне, қатынаспен коммуникация өнеріне арналған арнайы курстар ретінде;
- студенттердің бос уақытын парасаттылықпен ұйымдастырудың түрі ретінде.

Дебат технологиясы тұлғалық, кәсіби және әлеуметтік мәнді қасиеттерді дамытуға ерекше мүмкіндіктер береді.

Дебат технологиясы төмендегі іскерліктер мен дағдыларды дамытады: а) логикалық және сыни ойлауды; ә) өз ойын жинақтау дағдысын; б) ауызекі сөйлеу дағдысын; в) өзгенің күй-

зелісіне ортақтасу қабілетін; д) түрлі көзқарастарға шыдамдылығын; е) өз-өзіне деген сенімділігін; ж) топта жұмыс істеу қабілетін; и) мәселе төңірегінде ойлану қабілетін; к) көпшілік алдында сөйлеу мәнерін.

Дебаттың педагогке берері мол. Ол: а) оқытудың мақсатын нақты белгілеуде; оқытуға деген қызығушылықты арттыруда; ә) оқу іс-әрекетін белсендіруде; б) ақпаратты қайта қарауға мүмкіндік береді; в) ойлау қабілеттерін ынталандыруда; г) түрлі ойларды тыңдауға; д) студенттердің өз ойларын білдірулеріне көмектеседі [2, 2 б.].

Дебатты сабақтың бір түрі ретінде өткізуге болады. Студенттердің өздігімен, мұғалімнің көмегімен өткізетін өзіндік жұмыстары ретінде пайдалануға болады. Сабақтан тыс уақытта студенттердің уақытын бос өткізбей, өздерінің парасаттылығын, құзырлылығын арттыру барысында, өз уақыттарын тиімді пайдалану, бір-бірін жақсы танып-білу мақсатында қолданған жөн.

Білім беруде дебатты қолдану бірқатар мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға көмектеседі:

- оқыту - бұрынғы алған білімді бекітуге, жаңа білім, іскерліктер, дағдыларды меңгеруге көмектеседі;

- дамыту - парасаттылық, тұлғалық, шығармашылық қабілеттердің дамуына көмектеседі. Дебаттар логикалық, сыни ойлауды дамытады, мәселені жүйелі құрауға, оны анықтаудағы құбылыстар мен жағдайлардың байланысын аша білуге көмектеседі;

- тәрбиелік-пікірталас мәдениетін қалыптастыруға бейімдейді, шыдамдылыққа, мәселені шешу барысындағы түрлі тәсілдерге тәрбиелейді;

- коммуникативтік -оқу іс-әрекеті тұлғаралық қатынаста жүзеге асатындықтан, оқыту бірлескен іс-әрекет үдерісінде өтеді.

Төменде дебат технологиясын семинар сабағында қолдану үлгісінен мысал келтірейік.

Семинар сабағы.

Тақырыбы: Бір сөз аясындағы дебаттар.

Мақсаты: дебаттың көмегімен ауызша коммуникация дағдыларын қалыптастыру, диалогті сөйлеуді дамыту, бір мәселе төңірегіндегі түрлі көзқарастарға арналған монологтік сөздерді дамыту.

Көрнекілік құрал: 2 сөз жазылған карточкалар, (мысалы: мектеп-білім беру; компьютер-ақпарат т.б.)

Сипаттамасы: әр қатысушы (топ болса 2-3 адам) бір карточканы суырады да бір сөз таңдап алады, сол сөз төңірегінде 5 минут барысында сөйлем құрау керек.

Тапсырма: төмендегі құрылым бойынша 2 минуттық баяндама дайындау керек.

- сөзге анықтама беру;
- суреттеп тұрған заттың, құбылыстың жағымды жақтарын баяндау;
- суреттеп тұрған заттың, құбылыстың жағымсыз жақтарын баяндау;
- қорытынды.

Орындалу барысы:

1 раунд

Бір қатысушы сөйлейді, қалғандары мұқият тыңдап, оны бағалайды, төмендегі Кесте 1-де берілгендей, спикерлердің сөздерін бағалайтын парақты толтырады.

Кесте 1 -Баяндаманы бағалау парағы

Аты-жөні	Баяндама мазмұны	Баяндама құрылымы	Баяндау тәсілі	Ұпай жиынтығы	Дәрежесі

Әр санаттағы ең жоғарғы ұпай саны – 10 (10-тамаша; 9 – өте жақсы; 7-8 жақсы; 5-6 қанағаттанарлық; 4-төмен - нашар)

Ұсынылып отырған тәсіліміз жаңа ғана сөйлеп кеткен спикерлердің сөзін толықтыру мақсатында екі минуттық раунд сұрақтарын қоюмен ерекшеленеді.

2 Раунд сұрақтары.


««Жақтаушылар» мен «даттаушылардың» баламасын табу».

Мақсаты: дебаттың көмегімен ауызша және жазбаша коммуникация дағдыларын дамыту.

Тапсырма: бірнеше пікірлер ұсынылған. Осы пікірлерді қолдау үшін (жақтаушы пікірлер) дәлелдер тауып және оған қарсы ойды қолдау үшін (даттаушы пікірлер) жазу керек. Төмендегі кестеде көрсетілгендей.

Көрнекіліктер: дәлелдемелерге арналған кестесі бар парақ және бекітуге арналған түрлі мәтіндер.

Бұл тәсілді жүзеге асырудың бірнеше нұсқалары бар. Жұмысты жеке, жұппен, топпен жүзеге асыруға болады. Студенттер мәтіндегі дәлелдемелерді өздері өздігінше таба алады, сонымен бірге, оған қарсы пікірлерін де білдіре алады. Бұл тапсырманы қолданудың екінші бір нұсқасы ол бір топтың дәлелдер құруына, ал екінші топтың соған қарсы дәлелдер жинауына болады. Мұны Сурет 1 -де бейнеленгендей жүргізуге болады.



Сурет 1 - Топпен жұмыс

Коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың кеңінен қолданып жүрген мүмкіншіліктеріне бұл тәсілде әртүрлі мәтіндермен жұмыс істеу барысында қол жеткізуге болады. Тәжірибеде байқағанымыздай, көптеген педагогтер мәтіндегі дәлелдерді табуда қиналады.

Бұл тапсырманың өзгелерден маңыздылығы, оның жазбаша орындалуында, себебі мұнда мұғалім жақтаушы пікірлер мен, даттаушы пікірлердің сапасын бағалай алады, сонымен бірге бұл жұмысқа бір уақытта барлық студенттер қатысады.

3 Дәлелді эссе.

Дәлелді эссе – бұл әдеби туынды десек те болады. Бұл өзекті даулы мәселе тақырыбына арналып жазылады. Бұл мәселенің төңірегінде кем дегенде екі бір-біріне қарама-қайшы көзқарастарды табуға болады.

Мақсаты:

- жазбаша коммуникация дағдыларын дамыту, дәлелдер жинау, кейс құру, қарсы ойлар туындату;
- коммуникативтік біліктіліктің құрамдас бөлігі ретінде жазбаша коммуникацияның дағдыларын қалыптастыру деңгейлерін анықтау.

Тапсырмалар:

1) көрермендерді өзінің көзқарасына иландырып, өз жағына тарту (қарсы жақтың пікірлеріне де көп көңіл бөлінеді);

2) осы пікірді неліктен қолдайтынын нақты ашу.

Дәлелді эссені жазу ерекшелігі:

Дәлелді эссені жазу барысында автор пікірлерді, дәлелдерді, ұсыныстарды, ашық пікірлерді, қарсы ойларды бағалайды да пікірлердің біреуінің дұрыстығын таңдайды да соған тоқталады.

Негізделген эссені жазудағы алғашқы кезең – бұл мәселені, осы мәселе төңірегіндегі ойларды зерттеу және мүмкін боларлық көзқарастарды ойластыру болып табылады. Содан кейін барып қана эсседегі негізгі ойды қалыптастыру үшін екінші кезеңге көшуге болады. Содан кейін ғана, жоспарға байланысты соңғы кезең эссені жазуға кірісуге болады.

Эссенің тақырыбын таңдап алынған мәселенің ішінен туындатуға болады.

Кіріспе тым ұзақ болмауы тиіс. Онда тақырыптың құрылымы мен өзектілігіне тоқталу керек. Сонымен қоса тақырыптың жоспары айтылады да, негізгі ойға көшуге болады.

Негізгі бөлімде деректер келтіре отырып, өз көзқарасыңа көшесің. Міндетті түрде сұрақ төңірегіндегі негізгі ұғымдарға тоқталып кеткен жөн. Содан соң нақты дәлелдер мен мысалдарға тоқталып кетуге болады. Қарсы пікірлерге де орын қалтырған жөн. Әр маңызды пікір ерекшеленіп, оны азат жолдан бастаған жөн.

Қорытынды бөлімінде негізгі ойға баса назар аударылып, оның маңыздылығын бір-екі сөйлеммен айта кеткен жөн, сонымен қоса, бұл мәселені қолдамаған жағдайда туындайтын мәселелер жайлы сөз қозғаған жөн.

Эссені жазу барысында мынадай ережелерге сүйенген жөн: тоқтамау, қайталап оқымау, түзетпеу. Ең маңыздысы берілген уақытты ескеру. Көп жағдайда 5-10 минуттық эсселерге көп көңіл бөлінеді. Сонымен қоса, мақсат, міндеттеріне байланысты уақытты кішкене созуға болады. Негізделген эссені бағалаудың өлшемдері: дебатқа тән мазмұнына, құрылымына, тәсіліне қарап бағаланады.

Практикалық кезеңнің логикалық аяқтауының өзі ол дебаттың өту барысы. Себебі онда коммуникативтік біліктілік барысындағы қалыптасқан іскерліктер мен дағдылар байқалады, сонымен қоса оның қалыптасу деңгейлерінің диагностикасы да жүзеге асады. Бұл жерде дебаттың түрлі үлгілерін қарастыруға болады (саяси емес, саяси т.б.). Тәжірибеде байқағанымыздай көбінесе көп қолданып жүрген дебат түрі, блиц-үлгі. Біз осы үлгіні өз тәжірибемізде қолдандық.

«Жекпе жек» дебаты. (блиц-үлгі)

Әр раундта екі спикер сөз алады, олардың бірі жақтаушы, екіншісі оған қарсы пікір айтады. Ойын барысы мен берілген уақыт өлшемін «Кесте 2»-ден көре аламыз.

Кесте 2- «Жекпе жек» дебатының уақыт өлшемі

№	Раунд барысы	уақыт
1	Жақтаушы спикердің сындарлы пікірі (блиц-үлгіде тайм-аут қарастырылмайды)	2 минут
2	Қарсылас спикердің сындарлы пікірі	2 минут
3	Жақтаушы спикердің қарсылас спикерге қоятын сұрағы	2 минут
4	Қарсылас спикердің жақтаушы спикерге қоятын сұрағы	2 минут
5	Жақтаушы спикердің қорытынды сөзі	2 минут
6	Қарсылас спикердің қорытынды сөзі	2 минут

Дебат басталмас бұрын барлық қатысушылардың санына байланысты әркімге сандар таратылады. Тақ санды иеленген қатысушы жақтаушы пікірді қолдады, ал жұп санын иеленушілер қарсылас пікірді қолдайды. Дебаттағы ойыншылардың уақыт өлшемін бақылау жүргізушіге тапсырылады. Әділ қазылар алқасы дебаттың мазмұнына, құрылымы мен тәсіліне байланысты әділ бағасын береді.

Бұл дебаттағы ең маңызды мәселе болашақ мұғалімдердің ерекшеліктерін ескере отыр, сонымен бірге, қосымша талаптарға сүйеніп, тақырыптың дұрыс таңдалуы.

Біз «Дебат ойындары» тақырыбын өту барысында рөлдік ойындар ұйымдастырдық. Бұл рөлдік ойынның мақсаты қатынас мәдениетін дамытуда қолданылатын жаңа таныс емес тәсілдерді қолдану. Төменде ойын түрінен үзінді беріледі.

Тақырыбы: Рөлдік ойынның мүмкіндіктері.

Мақсаты: Көпшілік арасында айқын әрі қалыпты жағдайды қалыптастыру.

Студенттер кезекпен кезек «мұғалімнің» рөлінде ойнады, ал топ сынып болды. Бірінші жаттығу: Мұғалім бірнеше қарапайым іс-әрекеттерді орындауы тиіс: сыныпқа кіріп, оқушылармен амандасуы тиіс, отырып журналды ашады, терезені ашады; сөмкесінен кітап-дәптерлерін шығарады, олардың үстелдің үстіне қояды, сабаққа дайындалады.

Мұғалімнің міндеті мейілінше аз сөйлеп, өз іс-әрекетімен өзінің көңіл күйін сыныпқа білдіру. Оқушылар мұғалімнің іс-әрекетінен сабақтың қалай өтетінін алдын-ала болжаулары тиіс. Мысалы, а) мұғалім сыныптағы оқушыларға, ауырып қалған мұғалімнің сабағынан қашып кеткендеріне ашулы; ә) өткен сабақта үйге тапсырма толық берілмегендігі жайлы өтірік айтқандары; б) мұғалім, оқушылар ренжісе де сыныпты тарқататындығы жайлы хабарлайды; в) жақын арада саяхатқа шыққанда, оқушылардың мұғалімді ыңғайсыз жағдайда қалдырғандығы; г) сыныптың кешегі жарыста бірінші орын алғандығы жайлы мұғалімнің қуанышты хабар айтатындығы; д) жақында оқушылардың сыныпты жақсылап жуып қоямыз деп сөз беріп, орындамағандығы жайлы.

Әр қатысушы «мұғалім» рөлін бірнеше рет өзге қырынан орындап береді. Бірнеше талқылаулардан кейін, мұғалімнің өз көңіл-күйін шынайы көрсете алды ма, жоқ па соны байқадық. Мұндай ойын барысында студент өзінің кемшіл тұстарын байқап, кейін сол жағын дұрыстауына көмектеседі.

Келесі жаттығуымызда «мұғалім» сыныпқа еніп, оқушылардың назарын өзіне аударып, бір хабар айтуы керектігін айтады. Осы жерде оқиға үзіледі де «оқушылар» мұғалімнің айтқысы келген хабарын табулары тиіс [3, 25 б.].

Ойын барысында басты назар сыныпта жағымды жағдай туындату, әр «оқушының» сенімді түрде берген жауабына көңіл бөлу керек, себебі мұндай нақты жағдайда коммуни-

кативтік іскерліктер мен дағдылардың қалыптасуына мүмкіндіктер туады.

Осындай жаттығуларды орындап болғаннан кейін студенттердің рефлексиясын білу үшін оларға сұрақтар қойылды. «Мен не білдім? Мен не үйрендім? Маған не қызық болды? Сабақ маған ұнады ма? т.б.»

Осылайша, болашақ мұғалімдердің коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру барысындағы теориялық, практикалық әдістердің көмегімен өткізілген жұмыстар (дәрістер, топтық пікірталас, тренингтік ойындар) осы құзырлықтың педагогикалық мәні мен мүмкіншіліктерін ашуға көп көмектесті.

Әдебиеттер тізімі

1. Максимова А.А. Основы педагогической коммуникации. Учебно-методическое пособие. – М.: Флинта, 2015. – 168 с.
2. Сарканбаева Г.К. Дебат технологиясын оқу үдерісінде қолдану // Қазақстан мектебі, - 2016. - №5. - 27-29 б.
3. Дебаты: учебно-методический комплекс. — М.: Изд-во «Бонфи», 2001. - 296 с.

References

1. Maksimova A. Osnovy pedagogicheskoi kommunikacii [Basics of pedagogical communication] Teaching aid (Flinta, Moscow, 2015, 168 p.). [in Russian]
2. Sarkanbaeva G.K. Debat technologiesyn oku uderisisnde koldanu [Using debate technology in the educational process], Kazakhstan mektebi [Kazakh school], 5, 27-29 (2016).
3. Debaty [Debate]. Training and methodology complex (Bonfi, Moscow, 2001, 296 p.) [in Russian]

Г.К. Сарканбаева

*Казахский университет международных отношений и мировых языков
им. Абылай хана, Алматы, Казахстан*

Методы и приемы формирования коммуникативной компетентности будущих учителей

Аннотация. В статье рассмотрен вопрос формирования коммуникативной компетентности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки. Использование современных образовательных технологий в обучении иностранному языку способствует формированию научно-познавательной деятельности будущих учителей, развитию их мыслительных возможностей, совершенствованию профессиональной подготовки. В связи с этим область применения дебатных технологий очень обширна.

Ключевые слова: коммуникативная компетентность, дебаты, профессиональная компетентность будущих учителей, современные образовательные технологии, технология дебатов.

G.K. Sarkanbaeva

*Abylay khan Kazakh University of international relations and world languages,
Almaty, Kazakhstan*

Methods and techniques for forming the communicative competence of future teachers

Abstract. The article deals with the formation of communicative competence of future teachers in the process of professional training. Implementation with the use of modern educational technologies in teaching a foreign language contributes to the formation of scientific and cognitive activity of future teachers, the development of their thinking capabilities, and the improvement of professional training. In this regard, the field of application of debate technologies is very extensive.

Key words: communicative competence, debates, professional competence of future teachers, modern educational technologies, debate Technology, debates.

Автор жайлы мәлімет:

Сарқанбаева Г.К. – аға оқытушы, педагогика және психология кафедрасының магистрі, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Мұратбаев көш. 200, Алматы, Қазақстан.

Sarkanbaeva G.K. – senior lecturer, master of the Department of pedagogy and psychology, Abylay Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Muratbayev str.200, Almaty, Kazakhstan.